

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

"БЖЗК" АҚ "Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржы журналистикасы мектебі" онлайн-семинарын өткізді

Ағымдағы жылдың 23-24 қарашасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) халық арасында қаржылық сауаттылықты арттыру, сондай-ақ, зейнетақы жүйесі мен зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер туралы хабардар болу, дербес зейнетақы жинақтарын қалыптастыру және зейнетақы активтерін басқару жөніндегі қызметтің нәтижелеріне бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу шеңберінде қаржы журналистикасы мектебінің кезекті тегін онлайн-курсын өткізді. Оған Қазақстанның түрлі облыстарынан 100-ден астам журналистер, блогерлер мен студенттер қатысты.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мамандары қазақ және орыс тілдерінде екі күн қатарынан шеберлік сыныптарын өткізді.

Курс бағдарламасында әртүрлі тақырыптар бойынша оқыту модульдері ұсынылды.

Қор сарапшылары әлемдегі зейнетақы жүйелері, БЖЗК қызметі, зейнетақы активтерін инвестициялау және жинақтарды сенімгерлік басқаруға беру, зейнетақы төлемдерінің түрлері және оларды алу тетіктері туралы баяндады. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы қызықты материалдарды қалай жасау керектігін және тақырып бойынша эксклюзивті түсініктемелерді қайдан алуға болатынын да нақты мысалдармен көрсетті. Сонымен қатар, онлайн – курсқа қатысушыларды Әлеуметтік кодекс және 2024 жылы басталатын "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасына сәйкес жинақтаушы зейнетақы жүйесіне енгізілген жаңалықтармен таныстырды.

"БЖЗК" АҚ сарапшылары онлайн-семинарға қатысқан барлық тыңдармандарға алғысын білдіреді және алынған ақпарат кездесудің барлық қатысушыларына пайдалы болады, сондай-ақ, өзекті және қызықты журналистік материалдарды жасауға көмектеседі деп үміттенеді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).